

Абай облысы білім басқармасының
«Курчатов қаласы білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы А.Ж.Улукпаиноваға

Абай облысы білім басқармасының Курчатов қаласы бойынша білім бөлімінің
«№4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылы бойынша «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен
жасөспірімдер ұйымының Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
қыркүйек, қазан, қараша айларында жоспар бойынша атқарылған іс-шаралар
ЕСЕБІ

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» оқушыларымен кездесу. Жылдық жұмыс барысымен таныстыру, оқушылардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру, білімге, ғылымға деген қызығушылығын арттыру және жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету. Сонымен қатар, бұл кездесу оқушылардың белсенділігін арттырып, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, болашаққа деген сенімін нығайтуға бағытталған.
https://www.instagram.com/p/DAj91U4tvAl/?utm_source=ig_web_copy_link

“Жол қауіпсіздігін сақтаймыз” іс-шарасының мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерін үйрету, олардың жолда қауіпсіздік шараларын сақтау дағдыларын қалыптастыру, жауапкершілік пен тәртіптілікті нығайту. Бұл мақсат оқушылардың өздерін және басқаларды қорғау үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруіне бағытталған.
https://www.instagram.com/reel/DAi828xN2SD/?utm_source=ig_web_copy_link

8 қазан күні “Өзін - өзі басқару” ұйымының президенттік сайлауының қорытындысы жасалды. Президент сайлауына жалпы 6 үміткер қатысып, Жарқынұлы Азамат мектеп президенті болып сайланды.

https://www.instagram.com/reel/DA3odhBubF4/?utm_source=ig_web_copy_link

«Қаттарым асыл – қазынам!» акциясы өтті. Бұл акция үлкендердің рухани және материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-маңызды бастама болып табылады. Қарт адамдарға құрмет көрсету және олардың өмірлік тәжірибесі мен даналығын бағалау. Жастарды үлкендерге көмек көрсетуге, сыйластық пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Қоғамда қариялардың рөлін насихаттап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлес қосу. Қарттарға қолдау көрсету арқылы

қоғамда мейірімділік пен ізгілік атмосферасын қалыптастыру. Ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды сақтап, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DAlsUVVu8H/?utm_source=ig_web_copy_link

Ұстаздар күніне орай, аяулы ұстаздар қауымын құттықтау. «Ұтаз - ұлы есім» Ұстаздық – білім мен тәрбиені ұштастырып, шәкірттерге бағыт-бағдар беретін, болашаққа жарық сәуле түсіретін ұлы қызмет. Ұстаздардың арқасында әрбір адамның өмір жолында бағыт-бағдар қалыптасып, тұлға ретінде дамуы жүзеге асады. Ұстаздың қадірін халқымыз "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" деген нақыл сөздермен бекер айқындамаған. Олар – өмір бойы жанашылдық пен ізденістің үлгісі, білім жолындағы жетекші жұлдыз.

https://www.instagram.com/reel/DAu4j_uOy7f/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DAwEPw9OtV/?utm_source=ig_web_copy_link

24 қазан күні мектебімізде Парламент Президентіне куәлік табыстау рәсімі салтанатты түрде аталып өтті. Куәлікті табыстау Курчатов қаласының мәдениет үйінің басшысы Жанарбек Оралхановичке берілді. Бұл шара оқушылардың белсенділігін қолдап, олардың қоғамдық қызметке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Парламент Президенті Жарқынұлы Азамат ант қабылдап, өз қызметіне ресми түрде кірісті. Бұл рәсім оның мектеп өміріндегі көшбасшылық рөлін бекітті және оқушылар мен мұғалімдер алдындағы жауапкершілігін нақтылады.

https://www.instagram.com/reel/DBhMj8wO4-P/?utm_source=ig_web_copy_link

25 қазан, бұл күн – біздің тәуелсіздігіміздің символы, еліміздің егемендігін паш ететін мереке. Республика күні әрбір қазақстандық үшін еркіндік пен бірліктің, татулық пен өркендеудің айнасы болып табылады. Біз, жастар, осы мұраны қадірлеп, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етуіміз керек. Әрбіріміздің жүрегімізде Отанымызға деген махаббат пен патриоттық сезім орнығуы тиіс. Осы мерейлі күнде баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Қазақстанымыздың жарқын болашағы үшін бірге алға ұмтылайық! Құрметпен Парламент президенті Жарқынұлы Азаматтың құттықтау сөзі.

https://www.instagram.com/reel/DBi5MwWu_cM/?utm_source=ig_web_copy_link

«Мектеп мүлкін қорға!» атты акция. Мектеп мүлкін қорғау шарасының мақсаты – оқушыларды мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу, мүлікті сақтау мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың жауапкершілігін арттыру, мектепке деген сүйіспеншілік сезімін ояту және ортақ мүдде мен құндылықтарға құрметпен қарауды үйрету. https://www.instagram.com/reel/DCRN429u8fD/?utm_source=ig_web_copy_link Мектебімізде "Мектеп мүлкін қорға!" атты акциясы.

https://www.instagram.com/reel/DCHk3gNOODK/?utm_source=ig_web_copy_link

"Дос болайық!" Достық қолын ұсын республикалық акциясы. Акцияның мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасында өзара түсіністікті, сыйластықты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, қатысушылардың бір-біріне қолдау көрсетіп, көмектесуге, бірлікті нығайтуға шақыру. Бұл шара оқушылар арасында позитивті орта құруды, буллингтің алдын алу, оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту және мейірімділік, сенім, жауапкершілік сияқты құндылықтарды бағалауға үйрету бағытында ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DCHrExBusHh/?utm_source=ig_web_copy_link

«Кітап оқудың жеті пайдасы» Кітап оқудың жеті пайдасының мақсаты — кітап оқу арқылы адамның интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын арттыру. Кітап оқу адамға жаңа ақпарат пен идеяларды игеруге, білім деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Кітап оқу арқылы сөздік қоры молайып, ойды анық әрі мазмұнды жеткізу қабілеті артады. Әдеби және ғылыми еңбектерді оқу адамның қиялын ұштап, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіреді. Әртүрлі кейіпкерлердің сезімдері мен оқиғаларын түсіну арқылы адам эмпатия мен өз эмоцияларын бақылауды үйренеді. Кітап оқу миды тынықтырып, көңіл күйді жақсартады, жағымды әсер сыйлайды. Оқу барысында назар аудару мен ақпаратты есте сақтау қабілеті артады. Әртүрлі мәдениеттер мен тарихты зерттеу арқылы адам өз өміріне жаңа көзқараспен қарауға үйренеді. Бұл пайдалардың барлығы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталады.

Мектеп директоры

Қ.Малгаждарова

Орындаған тәлімгер

А.М.Кулбекова

Г.Н.Рахметолла